

МРНТИ: 06.81.12

JEL Classification:L26

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-2-6-14>

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРАҚСЫЗДЫҚ ЖАГДАЙЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСІНДІК ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ

А. Ж. Бақтиярова¹, Р. Қ. Елшібаев^{1*}

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты – дағдарыс кезінде шағын және орта бизнестің ұлттық экономикадағы рөлін анықтау және дамыту жолдарын ұсыну.

Әдіснамасы. Зерттеу жүргізу барысында ресми мәліметтер негізінде экономикалық-статистикалық және жүйелуе әдістерін қолдана отырып шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметіне экономикалық талдау жасалған.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Зерттеу жұмысында ішкі және сыртқы факторлардың ықпалынан болуы мүмкін экономикалық тұрақсыздық жағдайында шағын және орта бизнестің ұлттық экономикадағы рөлі қарастырылған. Әсіресе қазіргі геосаяси шиеленістерге байланысты туындаған дағдарысты жағдайда шағын және орта бизнесі дамытудың объективті қажеттілігі айқындалған. Бизнес субъектілерін жіктеу белгілері көрсетіліп, шетелдік тәжірибемен салыстырмалы бағалау жағдайы қарастырылған. Сонымен қатар ұлттық экономика жүйесінде шағын және орта бизнестің рөлін анықтайдын негізгі көрсеткіштер есептеліп, талдаулар мен тұжырымдар жасалған.

Зерттеу нәтижелері. Жүргізілген зерттеулер мен талдау мәліметтері арқылы шағын және орта бизнес субъектілерінің ұлттық экономика жүйесіндегі рөлін, маңызын көрсететін негізгі тұжырымдар келтірілген. Бизнес субъектілері бойынша тігінен және көлдененін талдау жасау нәтижесінде олардың өзіндік ерекшеліктері мен даму болашағы, әлеуеті анықталған. Шағын және орта бизнес субъектілерін дамыту бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар дайындалған.

Түйін сөздер: Ұлттық экономика, шағын және орта бизнес, жарғылық капитал, дағдарыс, салық салу, мемлекеттік қолдау.

КІРІСПЕ

Жаһандану процесінің үздіксіздігі ұлттық экономика мен геосаясатты бір-біріне жақындағат түсті. Сондықтан қазіргі орын алғып отырған геосаяи шиеленістер экономикалық жүйеге кері әсерін тигізіп тұрақсыздықтың туындауына алғып келді. Осыған байланысты әрбір мемлекет ұлттық экономиканың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып терең дағдарысқа жол бермеу және экономиканы сауықтыру бойынша жедел іс-шаралар жоспарын әзірлей бастады. Әсіресе қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, инфляцияны бақылау мен төмендету, көлік-логистика жүйесін жетілдіру, экономика салаларын қолдау бойынша нақты міндеттер жүктелді. Осы аталған міндеттерді шешуде шағын және орта бизнестің маңызы жоғары. Өйткені, ол бірқатар маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Шағын және орта бизнес субъектілерін дамыту жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздықты азайтуға, отандық өндірісті өркендету нәтижесінде азық-түлік тапшылығының туындауына жол бермеуге, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал етіп қана қоймай, бірқатар макроэкономикалық көрсеткіштерге де өзіндік әсерін тигізеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті К. К. Тоқаевтың өткен жылғы халыққа арнаған жолдауында: «Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесін 2025 жылға қарай 35 %-ға, жұмыспен қамтылғандарды 4 млн.-ға дейін көбейту» тапсырмасы берілсе, үстіміздегі жылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару

мен жаңғыру» атты жолдауында: «Аса тұрақсыз халықаралық жағдай кезінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор» деген болатын [1; 2]. Яғни, шағын және орта бизнестің ұлттық экономикадағы рөлі жоғары және экономикалық дамудың қандай кезеңінде болмасын өзектілігін жоғалтқан емес.

Зерттеу жұмысының мақсаты зерттеу әдістерін қолдана отырып дағдарыс жағдайында шағын және орта бизнестің экономикадағы рөлін ғылыми негіздеу. Осы мақсатқа жету үшін шағын және орта бизнесі дамытудың объективті қажеттілігін негіздеу, ұлттық экономикадағы рөлін айқындау, шағын және орта бизнестің даму тенденциясын экономикалық талдау, бизнес субъектілерінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып даму бағыттарын анықтау міндеттерін шешу көзделіп отыр.

Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми енбектері, заңдар, нормативтік-құқықтық актілер, Ұлттық статистика бюросының реңми статистикалық мәліметтері теориялық-әдістемелік және ақпараттық негізін құрайды.

Шағын зерттеу жұмысын дайындау кезінде ақпаратты жинау, топтастыру, өндеу, жүйелеу әдістері, салыстырмалы бағалау, экономикалық-статистикалық талдау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу. Шағын және орта бизнес – экономика субъектілерінің нақты анықталған өлшемдері негізінде сипатталатын, белгіленген заннама шеңберінде жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет субъектісі. Шетелдік және отандық тәжірибеде негізгі өлшем ретінде жұмысшылар саны қолданылады. Жекелеген ғылыми зерттеулерде шағын бизнес субъектісі бір меншік иесі басқаратын кәсіпорын немесе шағын адамдар тобынан құралған кәсіпкерлік ретінде қарастыralады. Әлемдік тәжірибеде кәсіпкерлікті қөлемі бойынша жіктеудің негізгі өлшемдеріне жұмыскерлер саны, жарғылық капиталының мөлшері, активтерінің қөлемі, жылдық айналымы жатқызылады. Дамыған елдерде көбінесе жұмыскерлер саны бойынша анықталады. Құрамына дамыған елдер кіретін «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы» мынадай жіктеме бойынша анықтайды: ете шағын персоналдар саны – 19 адамға дейін, шағын – 100 адамға дейін, орта – 499 адамға дейін, ірі – 500 адамнан жоғары [3]. Біздің елімізде персоналдардың орташа жылдық саны мен орташа жылдық табысына байланысты анықталады. Яғни, осы өлшемдер бойынша шағын, орта, ірі кәсіпкерлік болып бөлінеді. 2015 жылдан бастап шағын кәсіпкерліктің ішінен микрокәсіпкерлік бөліп көрсетіледі [4].

Шағын және орта бизнеске жатқызу бойынша көбінесе көршілес Ресей мемлекетінің анықтаған өлшемдерімен сәйкестіктері болғанымен өзіндік ерекшеліктері бар екендігін ұмытпауымыз керек. Дегенмен зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше ғалымдардың пікірін қарастырдық.

Ресейлік ғалым В. Афанасьевтің пікірінше, шағын бизнес монополияға жол бермеу мақсатын көздейді, ол көп элементті және динамикалы болу сипатымен ерекшеленеді. Шағын бизнестің тар мамандануы мен жаңашылдықты енгізу, бәсекелестіктің жоғары деңгейі ірі компанияларға монополиялық ұстанымын бұзуға ықпал етеді. Батыс экономистерінің пікірінше, бәсекелестік жоғары болуы үшін біртектес өнім шығарушылар саны 10-15, кемінде 5-6 болу керек [5; 6].

А. Блинов және А. Никитов ірі бизнеспен салыстырғанда шағын бизнестің инвестициялық тартымдылығы төмен және қаржатқа деген қажеттілігі жоғары екендігін ерекше бөліп көрсетеді [7]. Біздің пікірімізше бұл табиғи жағдай. Мұны кемшілік ретінде қабылдамаған дұрыс. Шағын бизнестің көптеген артықшылықтары инвесторлар үшін басымдық ретінде қабылдануы тиіс. Шағын бизнес ғылыми-техникалық прогрессің негізгі бағыттарын іске асыруда маңызды рөл атқарады. Мәселен Америка құрама штаттарында ербір он жана идеяның тоғызы шағын бизнесте жүзеге асады.

Отандық экономист-ғалымдар шағын бизнестің келесідей белгілеріне көніл бөлу қажеттігі туралы пікірлерін білдірді:

- меншік нысанының көптүрлі сипаты;
- шағын қөлемді болуы және алуан түрлі өнім өндіру (қызмет көрсету) мүмкіндігі;
- басқару құрылымының қаралайымдылығы, басшы мен бағынушы арасындағы тікелей байланыстың қалыптасу мүмкіндігі;
- кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру жағдайы. Көбінесе шағын бизнесте қаржыландырудың ішкі көздеріне негізделеді [8-11].

Отандық және шетелдік тәжірибеде бизнес субъектілерін жіктеу кезінде көбінесе жұмыскерлер саны, активтердің мөлшері, айналым көлемі мен табыс мөлшері, өндіріс көлемі есепке алынады. Осы аталған өлшемдерге қатысты пікірталастар көп. Мәселен, экономист Э. П. Горбуновтың пікірінше, өндірісте жұмыс істейтіндердің саны көрсеткішіне басымдық берілуі тиіс. Себебі, жұмыскерлер саны өнім көлемі мен негізгі қорлардың мөлшерін анықтайды [12]. Ал Е. А. Тарасов бұл пікірмен көліспейді. Оның пікірінше, озық техникалар мен технологияларды қолдану арқылы аз жұмыс күшін пайдаланып үлкен өндірісті менгеруге болады. Сондықтан жұмысшылар саны басқа көрсеткіштерді ескере отырып есепке алынуы тиіс [13].

Қазіргі кезде қоғамда шағын және орта бизнесті зерттеуші ғалымдар және кәсіпкерлер әртүрлі өзекті мәселелерді талқылап жатыр. Ең негізгі мәселелер ретінде келесілерді бөліп көрсетуге болады: шағын бизнеске салық салу жүйесі, салық режимдері бойынша өзгерістер, мобильді аударымдарға салық салу, бизнестің көленкелі экономикаға кетуіне жол бермеу, шағын бизнесті кешенді қолдау жүйесін қалыптастыру, шағын, орта, ірі бизнеске жатқызудың сандық және сапалық бағалау өлшемдері, шағын және орта бизнестің тиімді әрі өнімді жұмыс жасауы. Осы аталған мәселелер бойынша дұрыс шешім қабылдау ғалымдар мен бизнес қауымдастықтың пікірлері мен ұсыныстарын ескеруді қажет етеді. Себебі, шағын және орта бизнесті дамыту мәселесі еліміз егемендігін алғаннан бастап қазіргі кезге дейін күн тәртібінде тұрғанымен дамудың жоғары деңгейіне жете алмай келеді. Қабылданған және іске асырылған мемлекеттік бағдарламалардың, жұмсалған қаражаттардың да тиімділігі жоғары емес. Сондықтан шағын және орта бизнестің экономикадағы рөлін нығайту үшін ғылыми негізделген кешенді әрі жүйелі көзқарас қажет.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Айқынсыздық және экономикадағы тұрақсыздық кезінде шағын және орта бизнестің қарқынды дамуын қамтамасыз ету объективті қажеттілік болып табылады. Себебі, болуы мүмкін дағдарыстың теріс салдарларын төмендету, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету, отандық өндірісті дамыту, жана жұмыс орындарын ашу сияқты маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы рөлін бағалау үшін мынадай бірқатар көрсеткіштерге назар аудару қажет:

- шағын және орта бизнес субъектілерінің барлық субъектілердің жалпы санындағы үлес салмағы;
- шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі;
- шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны;
- шағын және орта бизнес субъектілерінде өндірілген өнімнің жалпы өндіріс көлеміндегі үлесі.

Ұлттық экономика жүйесінде шағын және орта бизнес әрқашан басымдықта ие болып келді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында іске асырылған экономикалық реформалардың нәтижесінде шағын және орта бизнестің қалыптасуы мен дамуына қажетті алғышарттар қалыптасты. Нарықтық экономикаға өтуге байланысты мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру бағдарламаларын жузеге асыру арқылы кәсіпкерлік субъектілерінің саны артып, қарқынды дами бастады. Әсіресе алғашқы жылдары делдалдық қызметтің үлесі арта түссе, бірте-бірте өндіріс пен сауда саттық сферасына кәсіпкерлер көптеп тартылды. Қазақстанның мол қазба байлығы мен шикізаттық базасы бизнестің өркендеуіне жол ашты. Шағын және орта бизнес экономика салаларында шаруашылықтың әралуан нысандарында көрініс тапты. Әсіресе, 2000 жылдардан бастап бизнестің дамуына кешенді көзқарас қалыптасып, айрықша көніл бөлінді.

Дамыған елдердің тәжірибесінде шағын және орта бизнес орта тапты қалыптастыру құралы ретінде сипатталады. Олар барлық бизнес субъектілерінің 90 %-дан астамын құраса, жалпы ішкі өнімдегі үлесі біздін елмен салыстырғанда айтартылған жоғары.

Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының қол жетімді реесми мәліметтер негізінде шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі, өнірлер мен қызмет түрлері бойынша даму динамикасын талдау жасайық [14].

Бизнес субъектілерінің ұлттық экономикадағы рөлін бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі – жалпы ішкі өнімдегі үлесі. Оны 1-кестеден көре аламыз.

Кесте 1 – Шағын және орта бизнес субъектілерінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі, %

	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Өсу қарқыны, %
ЖІӨ-гі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі, %	26,8	26,8	28,4	31,7	32,8	6,0

Ескерту – [14] дереккөзінің мәліметтері бойынша жасалды.

Кестеде берілген мәліметтерден көріп отырганымыздай соңғы 5 жыл ішіндегі өсім 6 % құраган. Өсім динамикасы байқалғанымен бұл алты жыл үшін өте аз мәнді құрайды. Тіпті 2016-2017 жылдары өзгеріс болмаған (26,8 %). 2020 жылы бұл көрсеткіш жаңа әдіснама бойынша есептелген. Сондықтан да өсім байқалады. Ал, шынайы жағдайға келсек 2020 жылы пандемия салдарынан іскерлік белсенділік төмөнде, карантиндік шараптарға байланысты көптеген бизнес субъектілері өз қызметін уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Осыған байланысты сұраныстың төмөндеуі, түсімнің азаюы, контрагенттер қызметінде үзілістердің болуы, міндеттемелердің толық көлемде орындалмауы, келісім шарттардың бұзылуы сияқты қолайсыз жағдайлар орын алды. Мұның барлығы сәйкесінше шағын және орта бизнес субъектілерінің қызмет нәтижелеріне кері әсерін тигізді.

Шағын және орта бизнес субъектілерінің даму динамикасын көрсету үшін тіркелгендері емес нақты жұмыс істеп тұрғандары бойынша талдау жасалғаны дұрыс. Оны 2-кестеден көруге болады.

Екінші кестеде жасалған есептеулерден көріп отырганымыздай, соңғы 5 жыл ішінде белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 250 958 бірлікке немесе 22,7 %-ға өсken. Бірақ, бұл талдау жасалып отырган кезең үшін жоғары қарқынды білдірмейді. Жылдық өсім тек 1 % ғана құrap отыр. Ең жоғары өсім шағын кәсіпорындарда болса, белсенді орта кәсіпорындар саны көрініше жылдан-жылға азайып келе жатқанын көріп отырмыз.

Кесте 2 – 2016-2020 жылдардағы белсенді шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің саны, бірлік

	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Өсу (кему) динамикасы	
						+-	%
Белсенді ШОК	1106353	1145994	1241328	1330244	1357311	250958	122,7
Шағын кәсіпорын	189637	208742	231325	258365	280200	90563	147,7
Орта кәсіпорын	2711	2618	2620	2502	2486	225	91,7
Дара кәсіпкерлік	736121	747107	809115	855920	857910	121789	116,5
Шаруа (фермер) қожалықтары	177884	187527	198268	213457	216715	38831	121,8

Ескерту – stat.gov.kz сайтының мәліметтері бойынша жасалды.

2020 жылы еліміздегі жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің 63,2 % – дара кәсіпкерлер, 20,6 % – шағын кәсіпорындар, 16 % – шаруа (фермер) қожалықтары, 0,2 % – орта кәсіпорындар құраган. Есептеулерден байқалғанымыздай дара кәсіпкерлік өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтарының арқасында саны бойынша басымдыққа ие болған. Орта кәсіпорындар саны өте аз үлеске ие. Алайда бұл орта кәсіпорындардың тиімсіздігін көрсетпейді. Көрініше орта кәсіпорындарға тән өзекті мәселелерді анықтап, шешу жолдарын ұсынуды қажет етеді. Біздің ойымызша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қарқынды дамуына оның артықшылықтары ғана емес, мемлекет тарапынан ерекше көніл бөлініуі, мемлекеттік қолдау құралдарының болуы ықпалын тигізіп отыр.

Дағдарыс кезінде шағын және орта бизнестің ұлттық экономикадағы рөлі арта түседі. Себебі, елімізде жаңа жұмыс орындарын ашуға және жұмыссыздықты азайтуға тікелей әсер ететіндігі белгілі. Талдау жасалып отырган кезең ішінде шағын және орта бизнес субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны 3-кестеде көрсетілген.

3-кестеде жасалған есептеулерден көріп отырганымыздай, соңғы 5 жыл ішінде шағын және орта бизнес субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны 305 814 адамға немесе 9,7 %-ға өсken. Жұмыспен қамтылғандар саны бойынша ең жоғары өсім (213 121 бірлік немесе 17,1 %) шағын кәсіпкерлікке

тән болып отыр. Дара кәсіпкерліктең жұмыспен қамтылғандар саны 65 609 адамға немесе 5,1 %-ға, шаруа немесе фермер қожалықтарында 24104 адамға немесе 8,7 %-ға ұлғайса, орта кәсіпкерлікте бес жыл ішінде 2 980 адамға немесе 0,8 %-ға ғана өскен. Бұл мәліметтер шағын және орта бизнес субъектілерінің қызмет тиімділігін арттыруға назар аудару қажеттігін көрсетеді.

Кесте 3 – Шағын және орта бизнес субъектілерінде (ШОБС) жұмыспен қамтылғандар саны, адам

Ред №	Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2020 жыл 2016 жылға	
							+-	%
1	ШОБС-да жұмыспен қамтылғандар саны	3166792	3190133	3312457	3448727	3472606	305814	109,7
2	Шағын кәсіпкерлікте	1249270	1301826	1351882	1408192	1462391	213121	117,1
3	Орта кәсіпкерлікте	352954	361393	364888	364865	355934	2980	100,8
4	Дара кәсіпкерлікте	1288167	1240876	1315162	1378884	1353776	65609	105,1
5	Шаруа немесе фермер қожалықтарында	276401	286038	280525	296786	300505	24104	108,7

Ескерту – stat.gov.kz сайтының мәліметтері бойынша жасалды.

Құрылымдық тұрғыда талдау жасасақ, 2016 жылы жұмыспен қамтылғандардың үлесі шағын кәсіпкерлікте – 39,4 %, орта кәсіпкерлікте – 11,1 %, дара кәсіпкерлікте – 40,7 %, шаруа немесе фермер қожалықтарында – 8,7 % енбектенсе, 2020 жылы шағын кәсіпкерлікте – 42,1 %, орта кәсіпкерлікте – 10,2 %, дара кәсіпкерлікте – 39,0 %, шаруа немесе фермер қожалықтарында – 8,7 % енбек еткен. Есептеулер көрсеткендегі 5 жыл ішінде құрылымдық тұрғыда да айтарлықтай үлкен өзгерістер орын алмаған.

Шағын және орта кәсіпкерліктің ұлттық экономикадағы рөлін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі өндірілген өнім көлемі болып табылады. Ол 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – Шағын және орта бизнес субъектілерінде өндірілген өнім көлемі, млн. теңге

№	Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2020 жыл 2016 жылға	
							+-	%
1	Шағын және орта бизнес субъектілерінде өнім шығару көлемі	19609010	23241125	26473049	32386960	33626992	14017982	171,5
2	Шағын кәсіпкерлікте	13568530	16488047	18272335	22947233	23401108	9832578	172,5
3	Орта кәсіпкерлікте	3484992	4045875	5118377	5929183	6462457	2977465	185,4
4	Дара кәсіпкерлікте	1511733	1554704	1764985	1902754	1729842	218109	114,4
5	Шаруа немесе фермер қожалықтарында	1043755	1152499	1317352	1607790	2033585	989830	195

Ескерту – stat.gov.kz сайтының мәліметтері бойынша жасалды.

Төртінші кестеде жасалған есептеулерден байқаганымыздай, соңғы 5 жыл ішінде өндірілген өнім көлемі 71,5 %-ға ұлғайған. Шаруа немесе фермер қожалықтарында 2 есеге жуық артса, орта кәсіпкерлікте 85,4 %-ға, шағын кәсіпкерлікте 72,5 %-ға өскен. Ал дара кәсіпкерліктең өндіріс көлемінің өсімі 14,4 % ғана құраған. Алайда 2020 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде өндірілген өнімнің 69,6 % шағын кәсіпкерлікке, 19,2 % орта кәсіпкерлікке, 6 % шаруа немесе фермер қожалықтарына, 5,2 % дара кәсіпкерлікке тиесілі. Мұның барлығы шағын және орта кәсіпорындардың өндірістік әлеуеті жоғары екендігін көрсетіп отыр. Оларға шағын және орта бизнес субъектілерінде өндірілген өнімнің 88,8 % тиесілі болған.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жүргізлген зерттеулер мен жасалған есептеулерге сүйенсек шағын және орта бизнес субъектілерінің ұлттық экономика жүйесіндегі рөлі күмөн тудырмайды. Оған келесідей нақты сандық мәліметтер негізінде дәлелдер келтіруге болады:

- еліміздегі барлық белсенді шаруашылық жүргізуши субъектілердің жалпы санындағы белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 96,6 % құрайды;
- соңғы 5 жыл ішінде жұмыс істеп тұрган шағын кәсіпорындар саны 47,7 %-ға өсken;
- талдау жасалып отырған кезең ішінде шағын және орта кәсіпорындарда жұмыс жасайтын саны 10 %-ға шағын және орта бизнес субъектілерінде өндірілген өнім көлемі 71,5 %-ға ұлғайса, өндірілген өнімнің 88,8 % шағын және орта кәсіпорындарға тиесіл.

Сонымен шағын және орта бизнестің ұлттық экономикадағы рөлі жоғары болғанымен нақты нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде емес. Әсіресе, орта кәсіпорындар саны жылдан жылға азайған, сәйкесінше жұмыспен қамтылғандар саны да аз болып отыр. Бірақ, өндірістік әлеуеті жоғары екендігін көрсетті. Демек, елімізде тек шағын бизнеске ғана емес орта бизнеске де айрықша назар аудару қажеттігін көрсетеді. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті К. К. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі халыққа арнаған жолдауында «Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек. Өйткені нарықта табысты болудың негізгі көрсеткіші орта бизнестің өркендеуі мен өлшенеді», – деген болатын [2, 4 б.].

Пандемияға байланысты орын алған коронадағдарыс пен көршілес елдердегі геосаяси шиеленістер бизнес субъектілерінің қызметіне айтарлықтай әсер етті. Fusion Lab компаниясының зерттеулеріне сүйенсек, короновирустың таралуына байланысты орын алған шектеулер бизнеске теріс әсер еткенін кәсіпкерлердің 82 % макулласа, 69 % табыстары едәуір тәмендергенін, 23 % кәсіпкерлік қызметтерін тоқтатуға мәжбүр болғанын жеткізген [15]. Дегенмен дағдарысты жағдай шағын және орта бизнес субъектілері үшін қауіп-катель емес мүмкіндік ретінде қарастырылғаны дұрыс. Мемлекет тарағынан жасалып жатқан қолдау шаралары, атап айтқанда түрлі тексерулерге мораторийдің болуы, шағын бизнес субъектілерін корпоративті табыс салығынан босату, субсидиялар беру және басқа да женілдіктер бизнестің дамуы мен тиімділігіне оң әсер етеді. Алайда шағын және орта бизнес субъектілері әлі де болса сауда және қызмет көрсету салаларында басымдыққа ие болып келеді. Соңдықтан бизнес субъектілерінің дамуын әртаралтандыру, өндірістік сферада дамыту бойынша белсенді жұмыстар жасалуы тиіс. Мемлекеттік қолдау кешенді әрі жүйелі түрде жүргізлгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі». Қазақстан Республикасының Президенті К. К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [web-сайт]. – 2020. – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (Қаруа уақыты: 18.03.2022).

2. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». Қазақстан Республикасының Президенті К. К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [web-сайт]. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (Қаруа уақыты: 18.03.2022).

3. Xhafka E., Avrami E. The SME in a Globalized Economy. Challenges of the Albania's SME in the Optic of Small Business Act // European Journal of Economics and Business Studies. – 2015. – № 1(1). – P. 14-26.

4. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-В ҚРЗ. (08.06.2021ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) [Электронды ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2015. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (Қаруа уақыты: 18.03.2022).

5. Афанасьев В. А. Малый бизнес: проблемы становления // Российский экономический журнал. – 2020. – № 3. – С. 42-57.

6. Филлион Л. Природа малого бизнеса и ее влияние на специфику менеджерской деятельности // Малый бизнес, рынок и общества. – 2019. – № 3 – С. 110-125.
7. Блинов А. О. Малое предпринимательство: теория и практика. Учебник. – Издательство: Дашков и Ко, 2021. – 385 с.
8. Смагулова Н. Т. Планирование предпринимательской деятельности. Монография. – Алматы: Экономика, 2015. – 156 с.
9. Малое предпринимательство: теория, мировой опыт и Казахстан. / под ред. Е. Б. Жатканбаева. – Алматы, 2011. – 175 с.
10. Шулус А. А. Объективные основы и направления развития системы поддержки малого предпринимательства. Монография. – Алматы: Раритет, 2018. – 220 с.
11. Байдыбекова С. К., Шомшекова Б. К., Кыдырыбаева Э. О. Малый и средний бизнес Казахстана в условиях пандемии // Проблемы аграрного рынка. – 2022. – № 1(1). – С. 91-98. – DOI: <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.10>.
12. Горбунов Э. П. Об условиях развития малого и среднего бизнеса // Экономист. – 2020. – № 1. – С. 55-69.
13. Тарасов Е. А. Конкурентоспособность малого бизнеса в современной экономике России // Вестник академии. – 2021. – № 2. – С. 75-86.
14. Статистикалық деректер [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы [web-сайт]. – 2021. – URL: <https://stat.gov.kz/> (Каралып таңдалған күн: 18.03.2022).
15. Market research conducted in Kazakhstan [Электронды ресурс] // FUSIONLAB Directory – The marketplace for business [web-сайт]. – 2021. – URL: https://directory.esomar.org/country/93-kazakhstan/r6645_FusionLab.php (Каралып таңдалған күн: 18.03.2022).

REFERENCES

1. «Zhana zhagdajdagы Kazakstan: is-kimyl kezeni». Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti K. K. Tokaevtyn Kazakstan halkyna zholdauy. (2020). *Official site of the President of the Republic of Kazakhstan*. Retrieved March 18, 2022, from https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuek (In Kazakh).
2. «Zhana Kazakstan: zhanaru men zhangyru zholy». Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti K. K. Tokaevtyn Kazakstan halkyna zholdauy. (2022). *Official site of the President of the Republic of Kazakhstan*. Retrieved March 18, 2022, from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (In Kazakh).
3. Xhafka, E. and Avrami, E. (2015). The SME in a Globalized Economy. Challenges of the Albania's SME in the Optic of Small Business Act. *European Journal of Economics and Business Studies*, 1(1), 14-26.
4. Kazakstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi. 2015 zhylgy 29 kazandagy № 375-V KRZ. (08.06.2021 zh. zhagdaj bojynsha ozgerister men tolyktyrularmen). (2015). *Adilet*. Retrieved March 18, 2022, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (In Kazakh).
5. Afanasev, V. A. (2020). Malyj biznes: problemy stanovleniya. *Russian Economic Journal*, 3, 42-57 (In Russian).
6. Fillion, L. (2019). Priroda malogo biznesa i ee vliyanie na specifiku menedzherskoj deyatel'nosti. *Malyj biznes, rynok i obshchestva*, 3, 110-125 (In Russian).
7. Blinov, A. O. (2021). *Maloe predprinimatel'stvo: teoriya i praktika*. Uchebnik. Dashkov i Ko, 385 p. (In Russian).
8. Smagulova. N. T. (2015). *Planirovanie predprinimatel'skoj deyatel'nosti*. Monografiya. Ekonomika, Almaty, 156 p. (In Russian).
9. Zhatkanbaev, E. B. (Eds.). (2011). *Maloe predprinimatel'stvo: teoriya, mirovoj opyt i Kazahstan*. Almaty, 175 p. (In Russian).
10. Shulus, A. A. (2018). *Obektivnye osnovy i napravleniya razvitiya sistemy podderzhki malogo predprinimatel'stva*. Monograph. Raritet, Almaty, 220 p. (In Russian).

11. Bajdybekova, S. K., Shomshekova, B. K. and Kydrybaeva, E. O. (2022). Malyj i srednij biznes Kazahstana v usloviyah pandemii. *Problemy agrorynka*, 1(1), 91-98, DOI: <https://doi.org/10.46666/2022-1.2708-9991.10> (In Russian).
12. Gorbunov, E. P. (2020). Ob usloviyah razvitiya malogo i srednego biznesa. *Ekonomist*, 1, 55-69 (In Russian).
13. Tarasov, E. A. (2021). Konkurentosposobnost' malogo biznesa v sovremennoj ekonomike Rossii. *Vestnik akademii*, 2, 75-86 (In Russian).
14. Statistikalyk dorekter. (2021). *National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan*. Retrieved March 18, 2022, from <https://stat.gov.kz/> (In Kazakh).
15. Market research conducted in Kazakhstan. (2021). *FUSIONLAB Directory – The marketplace for business*. Retrieved March 18, 2022, from https://directory.esomar.org/country/93-kazakhstan/r6645_FusionLab.php.

THE ROLE OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN THE NATIONAL ECONOMY IN CONDITIONS OF ECONOMIC INSTABILITY

A. Zh. Baktiyarova¹, R. K. Yelshibayev^{1*}

¹Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of the research is to determine the role of small and medium-sized businesses in the national economy during the crisis, as well as suggest ways of its development.

Methodology. In the course of the study, an economic analysis of the activities of small and medium-sized businesses was carried out on the basis of official data using the economic and statistical method.

Originality / value. The study examines the role of small and medium-sized businesses in the national economy in conditions of economic instability caused by internal and external factors. The objective need for the development of small and medium-sized businesses, especially in the context of a geopolitical conflict, is revealed. The classification of business entities is systematized and a comparative assessment of foreign experience is considered. In addition, the main indicators determining the role of small and medium-sized businesses in the national economy are calculated and analyzed, conclusions and suggestions are made based on the analysis.

Findings. Based on the results of the study and analysis, the main conclusions were drawn that determine the essence and role of small and medium-sized businesses in the system of the national economy. As a result of vertical and horizontal analysis of small and medium-sized businesses, their potential, features and development prospects were identified. Conclusions and recommendations for the development of small and medium-sized businesses have been developed.

Keywords. National economy, small and medium business, authorized capital, crisis, taxation, government support.

РОЛЬ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКЕ В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ

А. Ж. Бактиярова¹, Р. К. Елшібаев^{1*}

¹Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – определить роль малого и среднего бизнеса в национальной экономике в условиях кризиса, а также предложить пути его развития.

Методология. В процессе исследования был проведен экономический анализ деятельности субъектов малого и среднего бизнеса на основе официальных данных с использованием экономико-статистического метода.

Оригинальность / ценность исследования. В исследовании рассматривается роль малого и среднего бизнеса в национальной экономике в условиях экономической нестабильности, обусловленной внутренними и внешними факторами. Выявлена объективная необходимость развития малого и среднего бизнеса, особенно в условиях геополитического конфликта. Систематизированы классификацию субъектов бизнеса и рассмотрены сравнительную оценку зарубежного опыта. Кроме того, рассчитаны и проанализированы основные показатели определяющие роль малого и среднего бизнеса в национальной экономике, на основе анализа сделаны выводы и предложения.

Результаты исследования. По результатам проведенного исследования и анализа сделаны основные выводы определяющие сущность и роль малого и среднего бизнеса в системе национальной экономики. В результате вертикального и горизонтального анализа субъектов малого и среднего бизнеса были выявлены их потенциал, особенности и перспективы развития. Разработаны выводы и рекомендации по развитию малого и среднего бизнеса.

Ключевые слова: Национальная экономика, малый и средний бизнес, уставной капитал, кризис, налогообложение, государственная поддержка.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Бактиярова Альфия Жалеловна – экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: alfiya.baktiyarova@narxoz.kz

Елшібаев Рақымжан Қамытбекұлы – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: rakymzhan.elshibayev@bk.ru, ORCID: 0000-0001-7119-7400*